

Нумизматика...



Орындаған: Сейдали А.Ғ.

Тексерген: Кожабергенова Ж.Б.

Жұмыс жоспары:

- *Нумизматика терминіне түсініктеме...***
- *Негізін салушы - Иоганн-Иосиф-Иларий Эккель***
- *Мәнет жайлы анықтама***
- *Біздің елде...***
- *Дереккөздері***

Нумизматика терминіне түсініктеме...

- **Нумизматика** (лат. numisma, грек. nomisma – тиын, шақа) – тиындар, құйма ақша кесектері, т.б. ескерткіштер (тиын мөрлері, құжаттар) арқылы тиын соғу, ақша тарихын зерттейтін көмекші тарихи пән. Қағаз ақшаны (бонистика), медальдарды, жетондарды, ордендерді (фалеристика) зерттеу де Нумизматика ұғымына сәйкес келеді.

Негізін салушы - Иоганн-Иосиф-Иларий Эккель

- **Иоганн-Иосиф-Иларий Эккель (1737-1798)** — австриялық нумизмат, дін қызметкері.
- Көне монеталар туралы «*Doctrina nummorum veterum*» атты өзінің сегіз томдық жұмысында, ежелгі монеталардың географиялық жіктеу, анықтау принципі қолданылған және 70 млн астам ақшалар ұйымдаст.



Мәнет жайлы анықтама

- **Мәнет**^{[1] [2]} монета, шақа – металдан (алтыннан, күмістен, түрлі қорытпалардан) жасалған ақша, айналыс және төлем құралы. Әрбір Мәнетте бейне (елтаңба, мемлекеттік қайраткердің, ұлы тұлғаның, тағыда басқа есімі, қырынан бейнелеген кескіні), қаланың, мемлекеттің атауы, шекілген жылы, атауы, көрсетулі құны бедерленіп жазылады.



б.ғ.д VI ғасырлық Лидиялық мәнет. (трите, статердің үштен бірі)



- Мәнет
- Тарихы
- Құрамы
- Біздің елде
- Қолданлуы



Фото 123RF

Қолданылуы

- Мәнет тауар-ақша және сауда қатынасының дамуымен бірге пайда болып, әмбебап төлем құралына айналды.

Тарихы

- Ресейде 16 ғ-да бірыңғай шақа жүйесі жасалып, 1584 ж. реформа бойынша жалпы мемл. рубль, копейка шығарыла бастады. Кеңестік Мәнет алғаш рет 1921 ж. шығарылды

Құрамы

- мыс-никельмыс-мырышалюминий қорытпаларынан дайындалады




Біздің ел



- Егеменді [Қазақстанда](#) тұңғыш ұлттық Мәнет – металл теңге 1993 жылы 15 қарашада қағаз ақшамен бірге айналысқа жіберілді. Қазір көрсетулі құны 1, 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік металл ақша айналыста қолданылады. Оның үстіңгі бетіне көрсетулі құны, сыртқы бетінің айнала жиегіне еліміздің атауы, шығарылған жылы жазылып, ортасына мемл. елтаңба бейнесі шекілген, бүйір кемеріне кертпе түсірілген, ал жүз теңгелік Мәнеттің бүйіріне сонымен бірге айналдыра құны да кертіп жазылған. Мәнет айналысқа шығарылған алғашқы жылдары тиын түріндегі (1, 2, 3, 5, 10, 20, 50 тиындық) ұсақ бақыр Мәнеттер де шекілді. Кейін олар айналыстан шығарылды. ^[3] Бүгінде отандық [ақша](#) сарайы қолданып отырған технология әлемнің тек бірнеше ақша сарайында ғана бар. Екі түрлі металдан, көгілдір глазурь орнатылып және [гауһар тастармен](#) (бриллианттармен) әшекейленіп жасалған қазақстандық монеталарды нағыз өнер туындылары деуге болады. Мұндай қымбат металдардан жасалған монеталарды [Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің](#) кассаларынан сатып алуға болады. Оларды тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде де сатуға немесе сатып алуға болады. Қазақстанда бүгінгі күнге дейін 190-нан аса топтамалық, мерейтойлық және ескерткіштік монеталар соғылды. «Қазақстанның тарихи-сәулет ескерткіштері және қолданбалы өнер», «Көшпенділер алтыны», «Ескіше соғылған монеталар», «Жібек жолы инвестициялық алтын монетасы», «Әлемнің ең шағын алтын монеталары», «Қазақстанның Қызыл кітабы» және т.б. монеталар топтамалары жарық көрді. Сонымен қатар, «Абайдың 150 жылдығы», «Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығы», «ҚР ұлттық валютасына 10 жыл», «Түркістанның 1500 жылдығы», «Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығы», «Қазақстан шимайтастары» және т.б. сияқты жекелеген мерейтойлық монеталар жасалынды. Монеталардың беткі жағының ортасында Қазақстан Республикасының [Елтаңбасы](#) бейнеленген. ^[4]

Дереккөздері



- Қазақ Энциклопедиясы
- Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. — Алматы: «Жеті жарғы» баспасы, 2008 жыл. [ISBN 9965-11-274-6](#)
- Қаржы-экономика сөздігі. — Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. [ISBN 978-601-215-003-2](#)
- «Сен білесін бе?» энциклопедиясы. Автор: Райымбеков Қ.Ж., Байғабылова Қ.Т.



Назарларыңызға

Рахмет!